

Темір жол көлігімен жүк тасымалдағаны және басқа да қызмет көрсеткені үшін уақтылы ақы төлемеген жағдайда кәсіпорындар мен ұйымдардың жауапкершілігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 306 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жүк тасымалдағаны үшін ақыны, алымдар мен айыппұлдарды уақтылы төлемеген жағдайда 1993 жылғы 15 сәуірден бастап жүк алушылар мен жүк жөнелтушілерге темір жолдың пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін төлем сомасының екі проценті мөлшерінде өсім есептеліп, өндіріп алынады деп белгіленсін.

Ескерту. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндіретін кәсіпорындарға көмір тасымалдауға төлейтін төлемдерін уақытында төлемегендері үшін өсімнің мөлшері әрбір кешіктірілген күн үшін төлем сомасының екіден 0,5 процентіне дейін төмендетілген - ҚРМК-нің 1995 ж. 24 қаңтардағы N 74 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы темір жол көлігінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 1992 жылғы 20 ақпандағы N 129 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж. , N 6, 101-бабы) 10-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі